Инженерия мектебі

Тақырыбы : «Логистикаға негізделген тасымалдау үрідісінің жаңа технологиялары. Жаңа технологияларды зерттеу және әзірлеу, негізгі ұғымдар»

Пән : «Мамандыққа кіріспе»

6В11302 «Логистика (көлік)» мамандығының студенттеріне арналған

Тасымалдау үрдісі технологиясының негізгі қағидалары

Жүктерді автомобильмен тасымалдау тиімділігін арттыру автомобиль көлігінің жылжымалы құрамын, тиеу-түсіру құралдарын техникалық жетілдірумен, жүк тасымалдауды ұйымдастырудың жетілдірілген прогрессивті технологияларын енгізумен байланысты болады. Техникалық жетілдірулер жылжымалы құрам қозғалысының жылдамдығын арттыруға, тиеу-түсіру операцияларында бос тұрып қалуды қысқартуға, тасымалданатын жүк партиясының көлемін және т. б. арттыруға мүмкіндік береді. Технологияның міндеті - орындалатын операциялар мен тасымалдау үрдісі кезеңдерінің санын азайту есебінен жүкті тасымалдаудың ұзақтығы мен еңбек сыйымдылығын қысқарту

Жүкті тасымалдау үрдісінің технологиясы деп адамдардың нақты тасымалдау үрдісін оны бірізді өзара байланысты кезеңдер мен операциялар жүйесіне бөлу арқылы тасымалдаудың жоғары тиімділігіне қол жеткізу мақсатында өткізу тәсілімен түсіндіріледі. Технологияның мақсаты – жүктерді тасымалдау үрдісін керек емес операциялардан тазалау, мақсатқа бағыттау. Жүктерді тасымалдау технологиясының мәні екі негізгі ұғым – кезең және операция арқылы анықталады. Кезең – осы немесе басқа үрдістерді жүзеге асыруға көмектесетін операциялардың кешені. Операция - бір немесе бірнеше орындаушы орындайтын, белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, тасымалдау үрдісінің біртекті, логикалық бөлінбейтін бөлігі.

Жүктерді тасымалдаудың кез келген үрдісінің технологиясын 3 белгі сипаттайды:


- Тасымалдау үрдісін бөлу
- Үйлестіру
- Біртекті әрекеттердің кезеңділігі

Жүктерді тасымалдау үрдісін кезеңдерге бөлу мақсаты осы технология бойынша жұмыс істейтін субъектіге қойылатын имманенттік талаптардың шекараларын айқындауды білдіреді. Кез келген операция басқару объектісінің қойылған мақсатқа жақындауын қамтамасыз етуі және бір операциядан екіншісіне ауысуды қамтамасыз етуі тиіс. Кезеңнің соңғы операциясы келесі кезеңнің бірінші операциясына енгізілуі тиіс. Жүктерді тасымалдау үрідісінің нақты сипаттамасы оның субъективті логикасына сәйкес болған сайын, онда жұмыс істейтін адамдар қызметінің ең жоғары тиімділігіне қол жеткізу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Қойылған нақты мақсатқа қол жеткізуге бағытталған ірекеттерді үйлестіру және кезең-кезеңмен жүргізу белгілі бір тасымалдау үрдісінің жұмыс істеуі мен дамуының ішкі қисынына негізделуі тиіс. Технология "бос жерде" құрылмайды, ол өткен және болашақтағы технологиямен байланысы бар. Бүгінгі таңда қолданыстағы технология оны болашақ технологиясына оңай өзгертуге мүмкіндік беретін қағидаларға негізделуі тиіс.

Жүктерді тасымалдау үрдісі

Жүйе теориясы - кез келген жүйе кіші жүйелерден тұрады. Кез келген жүйе - кейбір жүйенің кіші жүйесі. Кез келген жүйе жүйелік объектілердің, қасиеттер мен байланыстардың терминдерінде сипатталуы мүмкін. Иерархия және кіші жүйелер саны жалпы жүйенің ішкі күрделілігіне ғана байланысты болады.




1-ші суретте тасымалдауды ұйымдастыру мен технологиясының иерархиялық пирамидасы (құрылымы) көрсетілген. Пирамиданың шыңында интермодальді тасымалдау болады. Төменде мультимодальді тасымалдау. Ары қара – юнимодальді тасымалдау, одан соң мамандандырылған автокөліктік кәсіпорындарымен облыс ішілік және қалалық тасымалдар, және жекелеген кәсіпкерлермен жүзеге асырылатын жергілікті тасымалдар және өзінің көлігі бар өндірістік, коммерциялық құрылымдар.


Сурет 1.Тасымалдаудың иерархиялық құрылымы

Техникалық және экономикалық оқулықтарда негізгі ұғымдардың бірыңғай түсіндірмелер жоқ: тасымалдау үрдісі, көліктің үрдістің циклі, көліктік жүйе, көліктік кешен және т.б. Тасымалдау үрдісін қалыптастыратын операциялар біртекті емес және өздерінің ұзақтылығы бойынша қатты ерекшеленеді. Кейбір операциялар, біріге отырып, осы үрдістің кейбір кезеңдерін құрады, ол өз кезегінде қандай да бір міндеттерді орындайды. Жекелеген операциялар, сондай-ақ тасымалдау үрдісінің кезеңдері бір-бірімен белгілі бір тәуелділікте болады (алдымен жүкті тасымалдау үшін оны тиеу қажет және т.б.). Сонымен, бұл үрдіс үлкен технологиялық, пайдалану және операциялардың экономикалық әртүрлілігінің көп кезеңдік және көп операциялық түрі болып келеді. Жүктерді тасымалдау үрдісінің кейбір кезеңдері жекеше қарастырылады. Сондықтан да, қазіргі таңда оқулықтарда тасымалдау үрдісі, көліктік үрдіс, тиеу-түсіру үрдісі секілді ұғымдар көп жазылады.

Жүктерді тасымалдау үрдісінің технологиялық сұлбалары



а – бір көлікпен тасымалдау кезінде



а – бірнеше көлікпен тасымалдау кезінде

2-щі суретте жүктерді тасымалдау үрдістерінің сұлбалары көрсетілген. Ол циклдік сипатта. Ол дегеніміз, үздіксіз сипаттағы құбыр көлігін ескермегенде, жүктердің жылжулары бірінен соң бірі қайталанатын өндірістік циклдермен жүзеге асады. Бұл циклдердің ырғағы олардың жиілігімен анықталады, ол өз кезегінде бір циклдің орташа ұзақтығына байланысты болады. Әрбір цикл динамизмнің жоғары дәрежесімен, күйдің үздіксіз ауысуымен және элементтер құрамының өзгеруімен сипатталады. Тасымалдау үрдістерінің жекелеген үрдістері уақыт бойынша өзгереді. Бірақ та оның ылғи да басы және соңы болады. Тасымалдаудың әрбір қайталанатын циклі тығыз өзара байланыстағы және бірдей бағытталған көптеген жекелеген кезеңдерден тұрады, өйткені олардың түпкі мақсаты - жүктердің орналасуын кеңістіктік ауыстыруға қол жеткізу. Тасымалдау циклына жататын осы циклдер кешені тасымалдау үрдісін жасайды.

Назарларыңызға рахмет !